

FTAMP 03.20

<https://doi.org/10.26577/JH20251195>**М.Д. Байдавлетова** 

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан
e-mail: madina.dosbergen@gmail.com

1930 ЖЫЛДАРДАҒЫ ҚАЗАҚ БОСҚЫНШЫЛЫҒЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ БАТЫСТЫҚ ТАРИХНАМАДА (2000–2024 Ж.)

Мақалада 1930 жылдардағы қазақ босқыншылығы мәселесінің батыстық тарихнамада (2000–2024 жж.) зерттелу деңгейі қарастырылады. Қазақстандағы күштеп ұжымдастыру, тәркілеу, отырықшыландыру және ашаршылық салдарынан орын алған босқыншылық ұзақ уақыт бойы «жабық» тақырыптардың бірі болды. Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін архив материалдарының қолжетімділігі артып, бұл мәселе шетелдік зерттеушілердің назарын аудара бастады. Ал ХХІ ғасырдың алғашқы ширегінде жарық көрген батыс тарихшыларының еңбектерінде қазақ босқыншылығы жаңа методологиялық ұстанымдар тұрғысынан талданып, ол халықаралық ғылыми кеңістікте өзекті тақырыпқа айналды.

Зерттеудің мақсаты – батыс тарихшыларының еңбектеріндегі (2000–2024 ж.) қазақ босқыншылығы мәселесіне қатысты көзқарастарды анықтап, олардың зерттеу әдістері мен тұжырымдарын талдау болып табылады. Мақалада «босқын», «откочевник» ұғымдарының кейінгі тарихи әдебиеттерде «қазақ ашаршылық босқыны» сөзімен алмастырылуы, сондай-ақ елден көшіп кеткен және қайтып оралған босқындар санына қатысты пікірталастар талданды. Зерттеу барысында салыстыру, талдау және жүйелеу әдістері кеңінен қолданылды. Орталық Азия республикалары мен Сібірдегі қазақ босқындары мәселесінің кей тұстары зерттелгенімен, Ауғанстан мен Иранға ауа көшкендер мәселесі батыстық тарихнамада қарастырылмаған. Дегенмен, батыс тарихшыларының жаңа ұстанымдар негізінде жазылған еңбектері қазақ босқыншылығы тақырыбының зерттелуіне маңызды үлес қосып, оны пәнаралық байланыста арнайы зерттеудің қажеттігін көрсетті.

Түйін сөздер: ұжымдастыру, ашаршылық, босқын, тарихнама, батыс зерттеушілері.

M.D. Baidavletova

Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan
e-mail: madina.dosbergen@gmail.com

Problems of kazakh refugeeship of the 1930s in western historiography (2000-2024)

The article examines the state of research on the problem of Kazakh refugees of the 1930s in Western historiography (2000-2024). The mass exodus caused by forced collectivization, property confiscation, sedentarization, and famine in Kazakhstan remained a 'closed' topic for a long time. After the collapse of the Soviet Union, expanded access to archival materials drew the attention of foreign scholars to this issue. In works by Western historians published in the first quarter of the twenty-first century, the flight of the Kazakhs is analyzed through the new methodological approaches and has become a relevant subject of international scholarly discourse.

The aim of the study is to identify the perspectives of Western historians (2000-2024) on the problem of Kazakh refugees, as well as to analyze the research methods they employ and the conclusions they draw. The article considers the replacement of the terms "refugee" and "otkочевnik" in later historical literature with the expression "Kazakh famine refugees", as well as the debates concerning the number of those who emigrated beyond Kazakhstan and those who eventually returned. The study makes extensive use of methods of comparison, analysis, and systematization. Although certain aspects of the problem of Kazakh refugees in the republics of Central Asia and in Siberia have been reflected, the question of the Kazakhs who migrated to Afghanistan and Iran has not been addressed in Western historiography. Nevertheless, the works of Western historians, written on the basis of new approaches, have made a significant contribution to the study of Kazakh refugees and have highlighted the necessity of an interdisciplinary investigation of this issue.

Keywords: collectivization, famine, refugee, historiography, Western scholars.

М.Д. Байдавлетова

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан
e-mail: madina.dosbergen@gmail.com

Проблемы казахского беженства 1930-х годов в западной историографии (2000–2024 гг.)

В статье рассматривается уровень изученности проблемы казахского беженства 1930-х годов в западной историографии (2000–2024 гг.). Массовое переселение, вызванное насильственной коллективизацией, конфискацией имущества, оседлостью и голодом в Казахстане, долгое время оставалось одной из «закрытых» тем. После распада Советского Союза расширился доступ к архивным материалам, что привлекло внимание зарубежных исследователей к данной проблеме. В трудах западных историков, опубликованных в первой четверти XXI века, беженство казахов анализируется с позиций новых методологических подходов и становится актуальной темой международного научного дискурса.

Цель исследования заключается в выявлении взглядов западных историков (2000–2024 гг.) на проблему казахского беженства, а также в анализе применяемых ими исследовательских методов и сделанных выводов. В статье рассматривается замещение понятий «беженец», «откочевник» в последующей исторической литературе термином «казахские беженцы от голода», а также дискуссии, связанные с численностью эмигрировавших за пределы страны и вернувшихся обратно. В исследовании широко используются методы сравнения, анализа и систематизации. Несмотря на то, что отдельные аспекты проблемы казахских беженцев в республиках Центральной Азии и в Сибири нашли отражение в историографии, вопрос о казахх, переселившихся в Афганистан и Иран, в западных исследованиях не рассматривался. Однако, труды западных историков, написанные на основе новых подходов, внесли существенный вклад в изучение темы казахских беженцев и показали необходимость её междисциплинарного исследования.

Ключевые слова: коллективизация, голод, беженец, историография, западные исследователи.

Кіріспе

XX ғасырдың 20–30 жылдарындағы кеңестік ұжымдастыру, тәркілеу науқандарының және ашаршылықтың салдарынан туындаған қазақ босқыншылығы мәселелері отандық және шетелдік тарихнамада терең зерттеуді қажет ететін күрделі тақырыптардың бірі. 1930-шы жылдардағы ашаршылық және қазақ босқыншылығы отандық тарихта ұзақ жылдар бойы жабық тақырып болғандықтан, оған байланысты арнайы зерттеулер жүргізілмеді. XX ғ. 80-ші жылдарының соңына қарай саяси жағдайдың өзгеруі, бұл мәселе бойынша ғылыми мақалалардың жазылуына мүмкіндік берді (Абылхожин, 1989). Осы кезеңде бірқатар шетелдік еңбектер жарық көріп (Olcott, 1981; Conquest, 1987), онда негізінен ұжымдастыру, ашаршылық тақырыптары көтеріліп, ал Қазақстандағы босқыншылық арнайы зерттелмеген еді. Қытай мен Түркиядағы қазақтарға арналған жаңа ізденістер де жарияланғанымен (История Казахстана в Западных источниках, 2005), мәселе кешенді түрде қарастырылмады. Дегенмен, бұл еңбектер қазақ босқыншылығы тақырыбында жазылған алғашқы зерттеулердің негізін құрап, оны арнайы талдау қажеттігін көрсетті.

Кеңестер Одағының ыдырауы тәуелсіздік алған мемлекеттердің төл тарихын тың деректер мен жаңа ұстанымдар тұрғысынан қарастыруына жол ашып, шетелдік тарихшылар да жан-жақты зерттеулерін жүргізе бастады. Соның аясында тарихшылар ұжымдастыру, тәркілеу және 1931–1933 жж. ашаршылық мәселелерімен қатар, қазақ босқыншылығына да назар аударды. Себебі, босқыншылық мәселесін кеңестік науқандар мен ашаршылықтан бөліп қарастыру мүмкін емес. Сондай-ақ осы жылдары Қазақстан тарихының кеңестік кезеңін зерттейтін шетел ғалымдарының жаңа буыны қалыптасып, олардың жаңа ұстанымдар негізінде жазылған еңбектері жарық көреді. Тақырыпқа қатысты негізгі зерттеулер 2000-шы жылдардан кейін жариялана бастағандықтан, біз осы мақаламызда батыс тарихшыларының 2000–2024 жж. аралығындағы еңбектерін қарастырамыз. Мұнда босқыншылықтың себептеріне, одақтық республикалар мен шет елдерге кеткен босқындар санына байланысты пікірлерге талдау жасалады. Сондай-ақ кеңестік биліктің босқындарға қатысты ұстанымдары мен жүргізген саясатына шетелдік ғалымдардың көзқарастары қарастырылады. Мұның өзі батыс тарихшыларының тақырыптың зерттелуіне қосқан үлесін айқындауға мүмкіндік береді.

Әдістеме

Мақаланың әдіснамасы 1930-шы жылдардағы қазақ босқыншылығына арналған батыс тарихшыларының еңбектерін (2000-2024 жж.) кешенді тарихнамалық талдауға негізделген. Ол қарастырылып отырған тақырыпқа қатысты батыстық тарихнаманың негізгі бағыттарын, кезеңдерін және зерттелу деңгейін анықтауға мүмкіндік береді. Методологияның маңызды бөлігін пайдаланылған деректерді **сыни талдау құрайды**. Мұнда зерттеушілердің еңбектерінде кеңінен қолданылатын дерек түрлері (мұрағат құжаттары, куәгер естеліктері, статистикалық мәліметтер) талданып, олардың **сенімділік дәрежесі, ғылыми айналымға енгізілу ерекшеліктері** сараланады. Сондай-ақ батыс авторларының еңбектеріндегі ұғымдар мен олардың қолданылуындағы өзгерістерді анықтау дискурс-талдау әдісі арқылы жүзеге асырылады. Зерттеушілердің дәлелдері, тұжырымдамалық негіздері және ұстанымдарындағы ерекшеліктері салыстырмалы талдау әдісі анықталады. Жалпы бұл әдістер батыс ғалымдарының қазақ босқыншылығы мәселелерін зерттеудегі ерекшеліктерін айқындауға мүмкіндік береді.

Әдебиетке шолу

1930 жылдардағы қазақ босқыншылығы тақырыбында 2000-2024 ж. батыстық тарихнамада бірқатар мақалалар, монография тараулары арналғанымен, жеке зерттеулер жазылмады. Қытай қазақтары мен Түркиядағы қазақ босқындары арнайы қарастырылғанымен (История Казахстана в Западных источниках, 2005), бұл еңбектің жарық көрген мерзімі біздің хронологиялық шеңберімізге кірмейтінін ескерген жөн.

Қазақ босқыншылығы батыстық тарихнамада 2000 жылдардан кейін арнайы зерттеу объектісіне айналса, ал 2010 жылдардан кейін тақырыптың жекелеген мәселелеріне назар аударылады. 2000-шы жылдардан кейін қазақ босқыншылығы мәселелері Н. Пианчиолонның, Р. Дэвис пен С. Уиткрофттың, И. Огайонның еңбектерінде қарастырылады. Мұнда елден көшіп кеткен босқындардың санын анықтау сынды пікірталасты мәселелермен қатар (Pianciola, 2004; Davies, Wheatcroft, 2004), босқыншылық кезеңдерге бөлініп, оның ерекшеліктеріне талдау жасалады (Огайон, 2009).

Ал, 2010 жылдан кейін қазақ босқыншылығының зерттелуінің келесі кезеңі басталды

десек болады. 1931-1933 ж. ашаршылықты арнайы зерттеген американдық ғалым С.Камерон және неміс тарихшысы Р.Киндлер өз монографияларында қазақ босқындары мәселесіне жеке тарау арнаған. Мұнда тың архив материалдары мен куәгер естеліктері негізінде босқындардың Одақтық Республикалардағы жағдайы, Кеңес-Қытай шекарасындағы мәселелер қарастырылады (Cameron, 2018; Kindler, 2018; Kindler, 2012). Сонымен қатар ашаршылық және босқыншылық куәгерлерінің естеліктерін талдай отырып, панасыз балалар тарихын зерттеген тарихшы М.В. Кашыкчы кеңестік науқандар салдарынан туған жерінен кетуге мәжбүр болған Камчатка өлкесіндегі босқын қазақтар тарихына назар аудару керектігін жазады (Қазақ, 2020). Сондай-ақ Т.Алун ұжымдастыру саясатының аясында босқындардың шет мемлекеттерге кету себептеріне тоқталған (Alun, 2018).

Жалпы батыс зерттеушілері 1930-шы жылдардағы қазақ босқыншылығы мәселелерін зерттеуге өз үлестерін қосуда. Дегенмен олардың назарынан тыс қалған немесе талдауды қажет ететін тұстары да баршылық. Ол туралы біз төменде қарастыратын боламыз.

Талқылау және нәтиже

Қазақстан тәуелсіздігінің алғашқы жылдарында ұлттық тарихты жаңғырту аясында 1991 ж. 11-қарашада ҚР Жоғарғы Кеңесі жанынан арнайы Комиссия құрылып, оған белгілі тарихшылар – М.Қозыбаев, Т.Омарбеков, М.Қойгелдиев және т.б. қатысты. Осындай маңызды да жауапты жұмыстың нәтижесінде 1930-шы жылдардағы ашаршылық, босқыншылық, саяси қуғын-сүргін мен оның салдары қарастырылып, жаңа зерттеулер жазыла бастады. Соның ішінде белгілі тарихшы Т.Омарбековтың іргелі еңбектері жарық көріп, онда 1930-шы жылдардағы қазақ босқыншылығы архив материалдары негізінде алғаш рет арнайы зерттелген еді (Омарбеков, 1997).

Қазақ босқыншылығын терең түсінуде заман куәгерлері естеліктерінің орны ерекше. Яғни, тарихты тек статистика мен кеңестік ресми құжаттар негізінде ғана емес, қарапайым адамдардың естеліктері арқылы зерттеу мәселені жан-жақты талдауға септігін тигізеді. Бұл ретте профессор Қ.М. Атабаевтың жетекшілігімен жүргізілген «32-нің зұлматы» атты тарихи-этнологиялық экспедициясын айта кету керек. Қазақстан тәуелсіздігінің алғашқы жылдарында жинасты-

рылған куәгерлер естеліктері тек 2014 ж. баспадан шыққан болатын (32-нің зұлматы, 2014). Бүгінгі таңда бұл материалдар арнайы талдауды қажет етіп отырғаны белгілі.

XX ғ. 20-30 жылдарындағы өзекті мәселелерінің зерттелуіне жаңа леп берген келесі қадамдардың біріне 2020 ж. 24-қарашада Қазақстан Республикасы Президенті Қ.К. Тоқаевтың Жарлығына сәйкес «XX ғ. 20-50 жылдарындағы саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау» жөнінде арнайы мемлекеттік комиссияның құрылуы болып табылады. 2021-2023 жж. аралығында жұмыс атқарған мемлекеттік комиссия аясында Қазақстандағы босқыншылықты зерттеу жеке бағыт ретінде белгіленіп, республикалық, өңірлік және қалалық деңгейлерде жұмыс топтары құрылды. Комиссия мүшелері «күпия» «аса күпия» грифіндегі құжаттармен жұмыс жасап, бірқатар құжаттар күпиясыздандырылса, сонымен қатар Ресей, Өзбекстан, Қырғызстан және т.б. мемлекеттердің архивтеріндегі материалдар жинақталды. Соның нәтижесінде құжаттар мен материалдар жинақтары (Материалы Государственной комиссии, 2022; Саяси қуғын-сүргін құрбандарын, 2020; *Қазақстандағы саяси репрессия құрбандарын, 2021*), ғылыми жобалар аясында ұжымдық еңбектер жарық көрді (XX ғасырдың 30-жж. басындағы жаппай, 2022). Бұл өз кезегінде жаңа зерттеу бағыттарын айқындап, ашаршылық пен босқыншылықты жан-жақты қарастыруға мүмкіндік берді.

Архив қорларының ашылуы, естеліктердің жинақталып, жариялануы шетелдік тарихшылардың Қазақстанның XX ғ. 20-30-шы жылдарындағы тарихын зерттеуіне жол ашып, соның ішінде қазақ ашаршылық тарихы халықаралық деңгейде айтыла бастады. Бұл осы тақырыпқа қызығушылық танытқан зерттеушілердің тобын қалыптастырды. Олардың қатарында француз тарихшысы И.Огайон, австралиялық С.Уиткрофт, итальян ғалымы Н.Пианчиола, американдық зерттеуші С.Камерон, неміс тарихшысы Р.Киндлер, ағылшын зерттеушісі Т.Алун, түрік ғалымы М.В.Кашыкчы және т.б. бар.

Төменде біз қазақтардың 1930-шы жылдары босқыншылыққа ұшырауының себептері, республиканың өз ішінде және көрші республикалар мен шет елдерге ауа көшуі, босқындардың шоғырланған жері, оларды қайтару және орналастыру, кеңестік биліктің атқарған шараларына байланысты батыс зерттеушілерінің көзқарастарын қарастыратын боламыз.

Қазақ босқыншылығын зерттеуде батыс тарихшылары еңбектерінің деректік базасына тоқталатын болсақ, Н.Пианчиола, Р.Киндлер, С.Камерон, М.В.Кашыкчы қазақстандық және ресейлік архивтердің материалдарымен жұмыс жасаған. Ал жоғарыда аты аталған ғалымдардың ішінен Р.Киндлерден басқалары тіпті Қазақстанның облыстық архивтерінің қорларын пайдаланған. Мұнда С.Камерон мен Р.Киндлердің қолданған архив материалдары бір-бірін қайталайтыны байқалады. Бұл туралы американдық тарихшысы өз монографиясында Р.Киндлердің Қазақстан Республикасы Президенті архивінің материалдарын кеңінен қарастырғанын айта келе, екі ғалымның зерттеулерінің бөлек жүргізілгендігін және осы еңбегінің негізін құраған диссертациясының бұрынырақ жазылғандығын ескертеді (Cameron, 2018: 206). Сонымен қатар бұл жерде екі ғалымның пайдаланған архив материалдары бірдей болғанымен, олардың ұстанымдарының бөлек екендігін де ескерген жөн. Ал, осы тақырып аясында еңбек жазған И.Огайон Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік Архиві қорларымен қатар, жергілікті нарратив пен этнографиялық материалдарды да пайдаланған. Жалпы ғалымдар құжаттар мен материалдар жинақтарын, замана куәгерлерінің де естеліктерін, соның ішінде С.Камерон мен М.В.Кашыкчының қазақ тіліндегі материалдарды қолдануымен маңызды.

Деректер мен зерттеулерде қазақ босқындарына байланысты «босқын», «қазақ босқындары», «откочевник», «мәжбүрлі босқын», «ашаршылық босқыны» деген сөздер қолданылған. Осыған байланысты батыс ғалымдарының көзқарастарын қарастыратын болсақ, Н.Пианчиола «откочевник» сөзін «бұрынғы көшпелі (expomad)» деп аударуға болады» дей келе, оны бюрократия тіліндегі жаңа термин деп есептейді (Pianciola, 2004: 141, 171). Ал, С.Камерон кеңестік биліктің босқындарды «откочевник» деп атау себебін, оларды отырықшылыққа көшушілер ретінде сипаттағысы келгендігімен түсіндіреді (Cameron, 2018: 12). Мұндағы «откочевник» сөзі «көшіп кетуші» деген мағынаны білдіретіндіктен, Н.Пианчиоланың аудармасында қателікке жол берілген.

Сондай-ақ шетелдік тарихшылардың еңбектерінен қазақ босқындарын атауға байланысты өзгерістерді байқауға болады. 2000-шы жылдары жарияланған зерттеулерде негізінен «қазақ босқындары» (Davies, Wheatcroft, 2004: 408; Pianciola, 2004), «босқын» сөздерімен қатар,

«бұрынғы көшпелілер (former nomad)», «откочевник» (Pianciola, 2004: 171) ұғымдарын да қатар пайдаланған. Ал, 2010 ж. кейін «откочевник» (Қаşıқс, 2020) сөзі қолданыста болғанымен, олар негізінен «аш босқындар» (Cameron, 2016), «ашаршылық босқындары» (Kindler, 2012: 60) және «қазақ ашаршылық босқындары» (Pianciola, 2022; Cameron, 2016) деп атала бастайды. Зерттеушілердің «ашаршылық босқындары» сөзін жиі пайдалануы, босқыншылықтың негізінен ашаршылық жылдарында орын алғандығын көрсеткісі келгендігін аңғаруға болады. Сондықтан кеңестік биліктің ресми құжаттарындағы «откочевник» емес, «босқын» және «қазақ босқындары» сөздерінің қолданылғандығы дұрыс деп есептейміз.

Батыстық тарихнамада 1930-шы жылдардағы Қазақстандағы босқыншылықтың басталуының бірнеше себептерін көрсетеді. Оларға: ұжымдастыру мен тәркілеу, халық наразылықтарына қатысушылардың жазалануы және ашаршылық жатады. Ғалымдардың бір тобы босқыншылықтың себебін ашаршылықпен байланыстырса (И.Огайон (Огайон, 2009: 206), С.Камерон (Cameron, 2018: 135), ал келесі тобы қазақтардың елден көшіп кетуін аштықтан аман қалудың жолы ретінде көрсетіп (Н.Пианчиола (Pianciola, 2004: 168), Р.Дэвис пен С.Уиткрофт (Davies, Wheatcroft, 2004: 409), Р.Киндлер (Kindler, 2012: 59), М.Кашыкчы (Қаşıқс, 2020: 135), алғашқы пікірлерді қолдай түседі. Ал, ағылшын зерттеушісі босқыншылықты кеңестік билікке қарсылық және өздерінің малын сақтап қалудың жолы деп есептейді (Alun, 2018: 42). Сонымен қатар бұл пікірді С.Камеронның да қуаттайтынын байқауымызға болады. Оны ғалымның еңбегіндегі мына жолдардан көреміз: «1928 ж. тәркілеу науқаны басталады деген сыбысты естіген сәтте, Семей округінен 423 шаруашылық 22 000 бас малын айдап Қытайға көшіп кеткен (Cameron, 2018: 130). Яғни, шекаралық аймақтарда тұратын қазақтардың тәркілеу саясаты басталған кезден-ақ көрші елге көше бастауын, олардың кеңестік билікке қарсылық көрсетуінің бір түрі деуге болады. Босқыншылықтың себептеріне тәркілеу, ұжымдастыру, ет-астық дайындау сынды кеңестік саяси-шаруашылықтық науқандар мен оның салдарынан туындаған ашаршылық жатады. Ал кейбір зерттеушілердің босқыншылықтың себебінің бірі ретінде қазақтардың малын сақтап қалуының жолы деуінің өз түсіндірмесі бар. Қазақ халқының негізгі тіршілік көзі мал болғандықтан, одан айырылудың

ауыр зардаптарға алып келгендігін тарихтың өзі дәлелдеп отыр. Сондықтан қазақтардың малын сақтауға тырысуы, өздерін ашаршылықтан құтқарып, аман қалуының жолы деп білеміз.

Босқыншылықтың басталған уақыты мен кезеңдері, оның ерекшеліктері де шетел тарихшыларының назарынан тыс қалмады. Зерттеушілердің бірі қазақтардың босқыншылыққа ұшырауы 1927-1928 жж. қыс мезгілінен басталады десе (Pianciola, 2004: 170), келесі бірі оны тәркілеу науқанымен байланыстырады (Cameron, 2018: 146). Тіпті оның нақты жылын көрсетпесе де, шамамен 1920-шы жылдардың соңын көрсететін зерттеушілер де бар (Alun, 2018: 102). Соның ішінде И.Огайон қазақтардың елден ауа көшуін 2 кезеңге бөліп қарастырады. Оның 1-ші толқыны 1930 ж., ал 2-ші толқыны 1931 ж. күзі деп есептейді (Огайон, 2009: 215-216). Осы еңбекті ары қарай оқитын болсақ, онда елден көшіп кетудің алғашқы кезеңі ретінде 1929-1931 жж., ал екінші кезеңіне 1931 ж. күз – 1933 ж. аралығын жатқызады (Огайон, 2009: 234). Бұдан байқайтынымыз, зерттеуші босқыншылықты бірде 1930 ж. басталды десе, енді бірде 1929 жылды көрсетеді. И.Огайонның француз тіліндегі еңбегінің орыс тіліндегі аудармасын қарағандықтан, бұл жердегі қатенің зерттеушінің немесе аудармашының тарабынан кеткендігін нақты айта алмадық. Сондай-ақ бұл зерттеуде босқыншылық кезеңдерге бөлініп қана қоймай, оның ерекшеліктеріне де талдау жасалған.

Кеңестік науқандарға қарсылық босқыншылықтың себептерінің бірі болса, онда алғашқы кезең 1927-1928 жж. басталды деген пікірді қолдауға болады. Оны архив құжаттарындағы материалдар да дәлелдей түседі (Саяси қуғын-сүргін құрбандарын, 2022: 89, 413). Ал, Қазақстаннан көшіп кетудің күшейген кезеңі, яғни екінші кезең 1931 жылдың күзінде басталды деген пікірді бірнеше ғалымның қолдауы (Pianciola, 2001: 242; Cameron, 2018: 146), оның ашаршылықтың белең алуымен тығыз байланысты екендігін көрсетеді.

Босқындардың одақтық республикалар мен шет елдерге көшкен уақытын қарастырған батыс тарихшылары, қазақтардың Батыс Сібірге көшуі 1931 күзінде басталды десе, 1932 жылдың бас кезінде олардың «жаппай» кеткендігін жазады. Ал Қырғызстанға көшу басқа елдерге қарағанда кешірек болды деп, босқындардың көп бөлігі 1932 ж. күзінің басында кеткендігін көрсетеді (Pianciola, 2004: 171-172). Бірақ, автор Қырғызстанға көшіп кетудің басталған жылын нақты

көрсетпейді және жоғарыда айтылғандарының дәлелін келтірмеген. Архив материалдарына сүйенсек, онда қазақтардың Қырғызстанға ағылып баруы 1931 ж. басталып, оның күшейген кезеңі 1932 ж. мен 1933 ж. алғашқы айларында болғандығы жазылған (Материалы Государственной комиссии, 2022: 365). Сондай-ақ 1930 ж. 21 желтоқсандағы ОГПУ-дың «аса құпия» белгісімен жіберілген арнайы мәліметінде Алматы округіндегі кедейлер мен орташалардың Қырғызстанға көшіп кетуінің орын алғандығы айтылады (Материалы Государственной комиссии, 2022: 122). Жоғарыда айтылғандарды түйіндесек, қазақ босқындарының Қырғызстанға ауа көшу фактілерінің 1930 ж. болғандығын байқадық. Сондықтан, ол жаққа ауа көшудің басқа елдерге қарағанда кешірек басталды деген пікірдің дұрыс еместігін байқаймыз. Ал, Қырғызстанға ауа көшудің күшейген кезеңі 1932 ж. болғандығын архив деректері дәлелдеп отыр.

Зерттеулерде қазақтардың елден көшіп кету кезеңдеріндегі ерекшеліктеріне де назар аударылған. Ол алғашқы кезде көшпелі рулардың маусымдық көшіне ұқсап (Kindler, 2012: 67-68), негізінен мал шаруашылығымен айналысатын аймақтарды қамтыды. Оның себептеріне көтерілістерді басу, көтерілісшілердің жазалануы, реквизицияның күшеюі және мал басының азаюын жатқызады (Огайон, 2009: 214-215). Сондай-ақ бастапқы кезеңде босқындар өздерімен бірге мал-мүлкін алып кетсе, 1931-1932 жж. олардың көпшілігінде ештеңе болмаған (Cameron, 2018: 146). Сондықтан бұл кездегі қазақ босқындарының көпшілігінің аштықтан қайтыс болғандығы айтылады (Pianciola, 2004: 170-171).

Батыс зерттеушілерінің еңбектерінде қазақтардың әр елге ауа көшуінің ерекшеліктері қарастырылады. Соның ішінде Сібірге әбден әлсіреген, арнайы ұйымдаспаған адамдар кетсе, ал Қытайға көшу ұйымдасқан түрде және саяси сипатта болғандығын жазады (Огайон, 2009: 231). Сондай-ақ Қытайдан басқа шет мемлекеттерге азырақ көшуінің себебі – көшпелі мал шаруашылығымен айналысуға қолайлы жердің жоқтығы деп есептейді (Огайон, 2009: 234). Ал, Моңғолиямен ортақ шекара болмағандықтан, онда тікелей көшіп бара алмаған. Онда 1933 ж. Шыңжаңдағы көтеріліс кезінде ғана қашып, көшіп барған (Огайон, 2009: 233). Сондай-ақ сталиндік геноцидті зерттеген Н.Неймарк өз еңбегінде кеңестік билік тарапынан қазақтардың аштыққа ұшыраған аудандардан қашуына немесе қалалар мен елді мекендерге барып көмек сұрауына

кедергілер келтірілмегендігін, бірақ олардың нашар қорғалған шекара арқылы Қытайға қашып кетпеуіне көп күш жұмсалғандығын, ал елден қашпақ болған көптеген қазақтардың оққа ұшып өлгендігін айтады (Naimark, 2010: 76). Бұл жерде босқындардың көрші республикалар мен шет елдерге ауа көшуі кезеңдерінің ерекшеліктерін тек Сібір мен Қытайдың мысалында сипаттау жеткіліксіз. Дегенмен шетел ғалымдары босқындардың Қытайға кету себептерін және оған байланысты кеңестік биліктің ұстанымын көрсетуге тырысқандығын байқаймыз.

Зерттеушілер қазақ босқындарының негізінен Өзбекстан, Түркменстан, Қырғызстан сияқты одақтас республикаларға, Орта Еділ бойы мен Батыс Сібір аймағына көшу себептері мен ондағы шоғырланған жерлерін қарастырады.

Н.Пианчиола қазақ босқындары Новосибирскиге, Сібірдің кейбір аудандарына (Pianciola, 2004: 171), Мәскеу, Сталинград, Куйбышев, Саратов, Воронеж, Еділ Немістерінің Автономиялық Республикасына да жеткендігін (Pianciola, 2001: 242), ал Қарақалпақстанның ашаршылық кезінде қазақ босқындары паналайтын аймаққа айналғандығын және оның кейіннен Өзбекстан мен Түркменстаннан Қазақстанға оралатын транзиттік орталық болғандығын айтады (Pianciola, 2020: 524). Сондай-ақ И.Огайон 1932 ж. басында Орта Еділде 50 мың босқынның шоғырланғандығын жазады. Сонымен қатар бұл босқындардың Ақтөбе және Орал аймақтарынан екендігін айтады (Огайон, 2009: 222). Бұл мәліметтерге назар аударатын болсақ, 50 мың босқынның Орта Еділде шоғырланғандығы туралы дерек архив құжатынан алынғандығын байқаймыз. Ал, бұл босқындардың Ақтөбе және Орал өңірінен келетіндігі түсінікті болғанымен, зерттеуші оның нақты дәлелін келтірмеген. Сондықтан мұндай маңызды ақпараттарға байланысты пікір білдіруде, оны дәлелге сүйене отырып пайдаланған дұрыс болар еді.

Ал, келесі зерттеуші В.Кашыкчы Камчатка аймағында 100-ге жуық қазақ отбасы паналағанын айта келе, ол жақтағы қазақ босқындары туралы зерттеулердің жоқтығына назар аударады (Kaşıkçı, 2020: 128). Бұл жерде сөз болып отырған Камчаткадағы қазақ отбасылары туралы мәлімет белгілі этнограф ғалым Х.Арғынбаевтың «Баянауылдан Камчаткаға дейін» еңбегінен алынған. Естелікті толық оқып шығатын болсақ, Х.Арғынбаев өзінің балалық шағын сипаттай отырып, отбасымен бірге Камчаткаға «вербовкамен» көшіп барғандығын жазады (Арғынбаев,

2015: 68). Яғни, олар алдымен Қазақстанға жақын Сібір қалаларына көшіп барса, біраз уақыт өткен соң кеңестік билік сол өңірдегі қазақтарды жұмысқа тарту мақсатында Камчаткаға арнайы поездармен жеткізген. Бұл жерде айтайын дегеніміз, өздері аштықтан азып-тозған босқындардың бірден Камчаткаға кетуі мүмкін емес. Олар жұмыс күші ретінде Сібірдің жақын орналасқан қалаларынан Камчатка сияқты алыс өлкелерге кеңестік билік тарапынан көшірілген қазақтар болатын.

Босқындардың ел ішіндегі шоғырланған жерлері – батыс зерттеушілерінің назар аударған мәселелердің бірі. Олар негізінен қалаларға, өнеркәсіп аймақтарына және темір жол станцияларына көшкен (Pianciola, 2004: 169-170; Pianciola, 2001: 242). Себебі, малынан, шаруашылығынан айырылған қазақтардың бұл жерлерде жұмыс жасап күнелтуіне, аштықтан аман қалуына мүмкіндік болды. Бірақ, олардың барлығы жұмыспен қамтылған жоқ. Ал, аш-жалаңаш, құр сұлдері қалған адамның ауыр жұмыс жасайтындай шамасы да болмағандығы түсінікті. Оның нақты мысалын Н.Пианчиоланың еңбегіндегі мына жолдардан көреміз: «1931-1932 жылдың қыс мезгілінде босқындар шоғырланған аймақтарда мыңдаған адамдар аштықтан өліп жатты, соның ішінде Балқаштағы мыс өндіру кешенінің маңайында кем дегенде 4000 қазақтың мәйіті қар астында қалған (Pianciola, 2004: 169). Сондай-ақ зерттеушілер босқындардың бос қалған ғимараттарда, шіркеулерде тұрғандығын, ештеңе табылмаған кезде ашық аспан астында далада қалғандығын да жазды (Cameron, 2018: 147; Davies, Wheatcroft, 2004: 409).

Қазақ босқыншылығы – XVIII ғ. жоңғар шапқыншылығынан кейінгі ауқымды көшу (Cameron, 2018: 143) болса, кеңестік республикалар мен шет елдерге кеткен қазақ босқындарының санын дөп басып айту аса қиын мәселелердің бірі. Сондықтан елден уақытша және біржола көшіп кеткен адам санына байланысты осы уақытқа дейін әртүрлі пікірлер айтылып келеді. Тіпті, ол қазақстандық тарихнамада да «ашық» мәселелердің қатарында тұр.

Жалпы, Қазақстаннан кеткен босқындар санына байланысты батыс тарихшыларының көзқарастары бір-біріне жақын келеді десек болады. С.Камерон Қазақстаннан 1,1 млн. астам адам кетті деп, оның басым бөлігі қазақтар болғандығына назар аударса (Cameron, 2016: 119), Р.Киндлер (Kindler, 2018: 149) мен И.Огайон (Огайон, 2009: 215) 1 млн.-ға жуық адам

кетті деп есептейді. Бұл босқындардың шамамен 400 мыңы елге қайтып оралса (Kindler, 2018: 149), ал 600 мыңы өздері көшіп барған республикалар мен елдерде тұрақтап қалған (Огайон, 2009: 236). Елден кеткен босқындардың жалпы санына байланысты нақты пікір білдірмегенімен, Қазақстаннан 1 млн. астам (Pianciola, 2004: 170), 2 млн. адам (Davies, Wheatcroft, 2004: 362) кеткендігі туралы архив деректерінің мәліметтерін көрсеткен зерттеушілер де бар.

Елден көшіп кеткен босқындар санына байланысты зерттеушілер архив құжаттарының мәліметтеріне (Камерон), сондай-ақ қазақстандық ғалымдардың еңбегіне сүйенген (Киндлер). Яғни, батыс тарихшылары қазақстандық әріптестерінің 1030 мың адам республикадан көшіп кетіп, оның 414 мыңы қайтып оралды (Абылхожин, 1989) деген пікірін қолдайтынын байқадық. Соңғы жылдарда жүргізілген зерттеулердің нәтижесіне сүйенетін болсақ, жоғарыда айтылған Мемлекеттік комиссияның (2021-2023 жж.) жұмыс тобының мүшелері 1930-1932 жж. мәжбүрлі көші-қонның ауқымын 1 млн. 800 мың – 2 млн. шамасында деген болжам айтып, соның ішіндегі эмиграция шығыны 200 мың адам деп есептейді (Балтабаева, 2023). Осы айтылғандардың барлығы елден көшіп кеткен, қайтып оралған және одақтық республикалар мен шет мемлекеттерде біржолата қалып қойған босқындар санына байланысты отандық және шетелдік тарихнамада әлі де зерттеу жүргізудің қажет екендігін көрсетіп отыр.

Зерттеушілер жекелеген республикалар мен шет мемлекеттерге көшіп кеткен адамдар санына да тоқталады. Соның ішінде Н.Пианчиола Қытайға 200 мың адам, ал кеңестік республикаларға 1 млн. адам көшкен десе (Pianciola, 2001: 242), С.Камерон 1928-1933 жж. шамамен 200 мыңдай адам Шыңжаңға өтіп кеткен (Cameron, 2018: 123), – деген мәлімет келтіреді. Р.Дэвис пен С.Уиткрофт Орталық Еділ бойына ағылған босқындардың аштық пен жұқпалы аурулардан зардап шеккендігіне тоқталады (Davies R.W., Wheatcroft, 2004: 408). Соңғы зерттеушілер Қытайға кеткен босқындардың санын нақты көрсетпегенімен, Батыс Сібірге және көршілес аймақтарға 67 000 көшпелі қазақтардың кеткендігін жазады (Davies R.W., Wheatcroft, 2004: 219). Ал, Т.Алун болса қазақстандық тарихшылардың еңбектеріне сүйене отырып, 1930-шы жылдардың басында 200 000-ға жуық қазақ босқындарының Моңғолия, Ауғанстан, Иран, Түркия және Қы-

тайға көшіп кетіп, содан қайтып оралмағандығын айтады (Alun; 2018: 99).

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылайтын болсақ, батыс зерттеушілері негізінен 1 млн. шамасындағы адам елден көшіп кетті деген көзқарасты ұстанады. Сонымен қатар бұл мәселе бойынша өз пікірін білдірмеген зерттеушілер де бар. Оның себебі елден кеткен босқындар санын анықтаудың қиындығына байланысты болса, сонымен қатар бұл кезде босқындарға байланысты нақты санақтың жүргізілмегендігін де ескерген жөн. Сондықтан да бұл мәселе бойынша шетелдік зерттеушілердің басым бөлігінің көзқарасы қазақстандық әріптестерінің пікірімен сәйкес келетінін байқадық.

Қазақ босқындарының көшін бастаған, шекарадан өтуі мен көшіп барған жерлерінде орналасуына көмектескендер қатарында зиялылар, діни тұлғалар, тіпті бұрынғы колхоз басшылары болды. Олардың ішінде кеңестік саяси науқандар мен қуғын сүргін жылдарында елден кетуге мәжбүр болған ұлт зиялысы Р.Мәрсекөв пен Алашордаға қолдау көрсеткен И.Әділов сынды азаматтар бар (Омарбеков, 2003: 287-288, 294-296). Батыс зерттеушілері өз еңбектерінде қазақтардың елден кетуін көшпелі қоғамның танымал, беделді адамдары ұйымдастырғандығын атап өтеді (Огайон, 2009: 233). Сондай-ақ байлармен қатысы бар деген жаламен қызметінен босатылған бұрынғы колхоз басшысы Сәми Сибеновтың 1931 ж. 50 қазақ отбасымен Қытайға өтуде басшылық жасағандығы жайында дерек келтірілген (Kindler, 2012: 69-70). Ал, жергілікті ауыл басшылары құжат, анықтама жасап беру арқылы, қазақтардың көшуін заңдастыруға көмек бергендігі айтылады (Kindler, 2018: 149). Жоғарыда айтылғандардан көретініміз, ұлт зиялылары мен басқа да азаматтардың эмиграциядағы қызметі, қазақ босқындарының көшін ұйымдастыруы сынды мәселелер шетелдік тарихнамада арнайы зерттеу нысанына айналмаған.

Шетел зерттеушілері қазақтың ашаршылық тарихы – жаппай қашу, күштеп көшу, сондай-ақ қоғамдық құрылыс эрозиясының тарихы деп бағалап, ашаршылық пен босқыншылық қазақтарда ғасырлар бойы сақталып келген қоғамдық қатынастар мен өзара көмек механизмдерінің нашарлауына алып келгендігін айтады (Kindler, 2012: 60, 70). Оның мысалын жұмысқа үйленбеген немесе отбасы жоқ ер адамдарды алғандықтан, олардың кейбірінің өз отбасын тастап, ештеңесіз қалдырып кетуінен көрсетеді (Pianciola, 2004: 172). Әрине, мұндай әрекетті жақтаудан

аулақпыз. Дегенмен мұны кеңестік саяси-шаруашылықтық науқандардың салдарынан барлық мал-мүлкінен айырылып, аштыққа ұшырап, туған жерінен босып кетуге мәжбүр болған адамдардың шарасыз жағдайы деп түсінуге болады.

Ал, босқындардың сол кездегі ауыр жағдайын Р.Киндлердің мына пікірінен көреміз: «Босқын алдымен жаманшылықтың жаршысы, жұқпалы ауруды таратушы және мүлік пен өмірге қауіп төндіруші. Ал екінші жағынан босқын – қауіп төніп тұрған тұлға. Оны кез-келген адам ешбір себепсіз қорлай алады. Босқын жеке тұлға ретінде құқығынан айырылды. Босқындармен бетпе-бет келгендер олардан құтылудың барлық амалын жасап, өз ортасынан алшақтатуға тырысты» (Kindler, 2012: 73). Ұсталған босқындар еңбекке қабілетті болса, оларды колхоздар мен өнеркәсіп орындарына жіберді, ал жұмысқа шамасы жоқтарын қаланың шетіндегі барактар мен қаңыраған үйлерге жинап, тағдыр тәлкегіне қалдырды (Kindler, 2012: 73-74).

Кеңестік республикаларға кеткен қазақ босқындарының да өмірі қиыншылық пен қауіп-қатерге толы болды. Оны зерттеушілердің еңбектеріндегі мына жолдардан оқимыз: «Сібірге кеткен қазақтардың жағдайы өте ауыр еді. Оларды жұмысқа алғысы келмеген» (Pianciola, 2004: 172), сондай-ақ «шешек, сүзек сияқты аурулардың таралуына байланысты, Сібір шенеуніктері қазақ босқындарын қабылдаудан үзілді-кесілді бас тартқан», (Pianciola, 2004: 173) «қазақ босқындары Сібірде ұлтаралық қақтығыстардың туындауына себеп болды» (Қаşıқс, 2020: 129). Ал келесі бір зерттеуде қазақ босқындары малымен көшіп барғандықтан, кеңестік республикалардың біразы оларды қуана қарсы алғандығын (Kindler, 2018: 149-151), дегенмен бұл жағдайдың қазақтардың малынан айырылған кезде өзгергендігін айтады (Kindler, 2018: 152). Бұдан көретініміз, қазақтардың малымен көшіп баруы одақтық республикаларда жақсы қабылданғанымен, малын сатып, ештеңесіз қалған босқындар ауыртпашылықтар әкелгендіктен, оларды еліне қайтаруға тырысқан.

Босқындарды қайтару және орналастыру, жұмыспен және тамақпен қамтамасыз ету де жауапкершілік пен дайындықты қажет еткен еді. Соның аясында 1932 ж. босқындарды қайтару жөніндегі Комиссия құрылған болатын (Pianciola, 2004: 175). Босқындардың елге оралу жылдарын қарастырған зерттеушілердің бірі оның 1936 ж. дейін немесе одан арғы жылдарға жалғасуы мүмкін екендігін жазса (Pianciola,

2004: 171), енді бірі 1934 ж. соңына қарай олардың көпшілігі Қазақстанға қайтқандығын айтады (Kindler, 2018: 209). Босқындардың Қазақстанға оралуы ұзақ уақытты қамтитын күрделі үдеріс. Сондықтан бұл жан-жақты қарастыруды және арнайы талдауды қажет ететін мәселелердің бірі болып табылады.

Жалпы шетелдік зерттеушілер елге қайтып оралған босқындарға жағдай жасалмай, тіпті тұратын жерін таңдауына мүмкіндігі болмағандығын айтады (Kindler, 2012: 80). Сондай-ақ кеңестік биліктің қазақтарды елге қайтаруға тырыспағандығына да назар аударады (Kindler, 2018: 201). Тегін тамақтың «әлсірегендер мен балаларға» ғана берілуі, қалғандарын колхоздар мен совхоздарға кіруге мәжбүрлеген. Ал, оларды қайта орналастыру арқылы кеңестік билік өз мақсатын толықтай жүзеге асыруға мүмкіндік алды (Kindler, 2018: 209-210), – деген пікірмен келісуге болады деп есептейміз. Себебі, аштықтың тауқыметін көрген, азып-тозған босқын халықтың колхозға кіруден басқа амалы қалмады. Ал олардың колхоздарға кіруі кеңестік биліктің толығымен жүзеге асырылуына мүмкіндік берді.

Сондай-ақ Н. Пианчиоланың «КСРО-ның «артта қалған» халықтарын біріктірудің жолы – оларды мемлекеттік «көмекке» тәуелді босқындарға айналдыру болса, оны жүзеге асырудың жолы ұжымдастыру мен ашаршылық» (Pianciola, 2004: 191), – деген пікірі кеңестік саяси-шаруашылықтық науқандарды халықты бағындырудың құралы ретінде көрсеткісі келген деп ойлаймыз. Бұл жерде екі зерттеушінің көзқарасы үштасып жатқандай. Яғни, аштық пен босқыншылыққа ұшыраған халықты өзіне бағынышты ете отырып, кеңестік билік өз мақсатына қол жеткізгендігін жазған. Осылайша, батыс зерттеушілері өз еңбектерінде елге оралған қазақ босқындарының ауыр жағдайын сипаттап қана қоймай, ашаршылық пен босқыншылықтың кеңестік саясатты жүзеге асырудың жолы екендігін көрсетеді.

Қорытынды

Ширек ғасырды қамтыған батыстық тарихнаманы қарастыру 1930-шы жылдардағы қазақ босқыншылығына байланысты маңызды еңбектердің жазылғандығын көрсетеді. Мұнда босқыншылықтың себептері, барысы, ерекшеліктері талданып, сонымен қатар тарихшылар мәселеге өзіндік ұстанымдары тұрғысынан баға

берген. 2000-шы жылдары жарық көрген еңбектерде зерттеушілер негізінен орыс тіліндегі материалдарды қараса, 2010-шы жылдардан кейін қазақ тіліндегі куәгерлер естеліктеріне назар аударылады. Бұл өз кезегінде қазақ босқындарының қиын жағдайын, басын түскен ауыртпалықтарын, кеңестік биліктің қайшылықты саясатын терең түсінуге және мәселені жан-жақты талдауға мүмкіндік берді. Сондай-ақ шетелдік тарихшылардың осы тақырыпқа қатысты алғашқы еңбектерінде «откочевник», «босқын», «қазақ босқыны» сөздерін қатар пайдалануымен бірге, соңғы жылдардағы зерттеулерінде «қазақ ашаршылық босқыны» сөзін қолдануға мән беріліп, оның көбірек қолданып жатқаны байқалды.

Босқыншылық тарихын кезеңге бөліп қарастыру арқылы батыс тарихшылары оның бастапқы кезеңде негізінен кеңестік билікке қарсылық сипатында болғандығын, ал екінші кезеңде ашаршылықтың салдарынан жаппай белең алғандығын көрсетеді. Дегенмен, мұнда босқындар көшін бастаған тұлғалар шетелдік зерттеушілердің назарынан тыс қалған. Ал, елден ауа көшіп кеткен және қайтып оралған босқындар санына байланысты батыс зерттеушілерінің көзқарастары негізінен қазақстандық тарихшылардың пікірлерімен үштасады.

1930-шы жылдардағы қазақ босқыншылығы мәселесіне қатысты шетелдік тарихнамада әлі де жан-жақты зерттеулер жүргізілетіні белгілі. Соның ішінде мына мәселелердің арнайы талдауды қажет ететіндігіне назар аударғымыз келіп отыр. Олар: жекелеген кеңестік республикалар мен шет елдердегі (Ауғанстан, Иран және т.б.) қазақ босқындарының жағдайы; кеңестік солақай саясаттың салдарынан туған жерін тастап, шекарадан заңсыз өту барысында ұсталып, әртүрлі мерзімге сотталған адамдардың жеке қылмыстық істері; қазақ босқындарының көшін бастаған тұлғалар (зиялылар, байлар және т.б.) және олардың қызметі, елден көшіп кеткен қазақ босқындарының ру-тайпалық құрамы.

Алғыс

Мақала «Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым гранттық қаржыландыру ғылыми жобасын іске асыру шеңберінде дайындалған АР23489355 – «Қоғамдық тарих әдістерін пайдалана отырып, Қазақстан тарихындағы танымал әңгімелерді жаңғырту».

Әдебиеттер

- Абылхожин Ж.Б., Козыбаев М.К., Татимов М.Б. (1989) Казахстанская трагедия // Вопросы истории, №7. – С.53-71.
- Alun Th. (2018) Nomads and Soviet rule: Central Asia under Lenin and Stalin. I.B. Tauris. – 260 p.
- Арғынбаев Х. (2015) Өнегелі өмір / ред. басқ. Ғ.М. Мұтанов. – Алматы: Қазақ университеті. – 373 бет.
- Балтабаева К., Жакишева С.А. (2023) Политические репрессии казахстанских беженцев 20–30-х гг. XX в. и проблемы реабилитации // Отан тарихы. №26(4). – С.670-682.
- Davies R.W., Wheatcroft S.G. (2004). The years of hunger: Soviet agriculture, 1931–1933. Palgrave Macmillan. – 555 p.
- История Казахстана в Западных источниках XII-XX вв. (2005). Т.III. Казахи Китая. Очерки по этническому меньшинству (сборник статей). Ч.1. / Под ред. Л.Бенсон и И.Сванберга. – Алматы: Санат. – 456 с.
- Қазақстандағы саяси репрессия құрбандарын ақтау: құжаттар мен материалдар. (2021) Алматы қаласы әкімдігі жанындағы саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау мәселелері жөніндегі қалалық комиссияның 2021 жылғы материалдары / Құрастырып, редакциялаған Б.О. Жангуттин, Ш.А. Забих, Б.Ж. Кабдушев, Д.Б. Рыскильдина. – Алматы: Алматы қалалық әкімдігі. – 390 бет.
- Cameron S. (2016) The Kazakh famine of 1930-1933: current research and new directions // East/West: Journal of Ukrainian Studies. Volume III, No2. pp.117-132.
- Cameron S. (2018). The hungry steppe: famine, violence, and the making of Soviet Kazakhstan. Ithaca [New York]: Cornell University Press. – 277 p.
- Conquest R. (1987). The Harvest of Sorrow: Soviet Collectivization and the Terror-Famine. Oxford: Oxford University Press. – 196 p.
- Kaşıkcı Mehmet Volkan. (2020) Growing Up Soviet in the Periphery: Imagining, Experiencing and Remembering Childhood in Kazakhstan, 1928-1953. PhD Diss. Arizona State University. – 398 p.
- Kindler R. (2012) On the Run – The Kazakh Nomads and the Famine, 1930–1934 // Hunger and Scarcity under State-Socialism, ed. Matthias Middell and Felix Wemheuer. Leipzig: Leipziger Universitätsverlag. pp.59-82.
- Kindler R. (2018) Stalin's nomads. Power and famine in Kazakhstan. Translated by Cynthia Klohr. University of Pittsburgh Press. – 360 p.
- Материалы Государственной комиссии по полной реабилитации жертв политических репрессий (20-50 годы XX века). (2022). Т. 5: Вынужденные беженцы. Сборник документов и материалов. Составители: К.Н. Балтабаева, Р.К. Айдарбаева, Ш.Б. Тлеубаев, Қ.Ж. Нұрбай, Р.Е. Оразов / Под общ. ред. Е.Т. Карина. – Астана. – 656 с.
- Материалы Государственной комиссии по полной реабилитации жертв политических репрессий (20-50 годы XX века). (2022). Т. 24: Реабилитация жертв политических репрессий в Казахстане: документы, материалы городской комиссии по вопросам реабилитации жертв политических репрессий при акимате города Алматы. Сборник документов и материалов. Составители тома: Б.О. Жангуттин, М.Р. Сатенова, Д.Б. Рыскильдинова, Ж.С. Саурыкова / Под общ. ред. Е.Т. Карина. – Астана. – 320 с.
- Naimark N. (2010) M.Stalin's genocide. Princeton University Press. – 163 p.
- Огайон И. (2009) Седентаризация казахов СССР при Сталине. Коллективизация и социальные изменения (1928-1945 г.г.). Пер. с фр. А.Т. Ракишева; сост. Б.М. Сужиков. – Алматы: Санат. – 368 с.
- Olcott M.B. (1981) The Collectivization Drive in Kazakhstan // The Russian Review, Vol. 40. №2. pp. 122-142.
- Омарбеков Т. (1997) 20-30-жылдардағы Қазақстан қасіреті: Көмешкі оқу құралы. – Алматы: Санат. -320 бет.
- Омарбеков Т. (2003) Қазақстан тарихының XX ғасырдағы өзекті мәселелері. Көмекші оқу құралы. – Алматы: Өнер. -552 бет.
- Pianciola N. (2001). The Collectivization Famine in Kazakhstan, 1931–1933 // Harvard Ukrainian Studies. Vol. 25, №3-4. pp.237-251.
- Pianciola N. (2004). Famine in the steppe. The collectivization of agriculture and the Kazak herdsmen, 1928-1934 // Cahiers du monde russe. №45 (1-2). pp. 137-191.
- Pianciola N. (2020). The benefits of marginality: the great famine around the Aral sea, 1930-1934 // Nationalities Papers. №48(3). pp. 513-529.
- Pianciola N. (2022). Sacrificing the Qazaqs: The Stalinist Hierarchy of Consumption and the Great Famine of 1931-33 in Kazakhstan // Journal of Central Asian History. – №1. pp. 225-272
- 32-нің зұлматы (2014) (Профессор Қ.М. Атабаев жетекшілік еткен тарихи-этнологиялық экспедиция деректері): деректер жинағы / Құраст.: Т.Ә. Төлебаев, Г.Е. Сәбденова. – Алматы: Қазақ университеті. – 308 бет.
- XX ғасырдың 30-жж. басындағы жаппай ашаршылық кезеңіндегі Орталық Азия республикалары мен Ресейдегі қазақ босқындары: Ұжымдық монография (2022). А.И. Құдайбергенова, М.М. Қозыбаева, С.Н. Мамытова, З.К. Курманов, Ө.И. Исенов, А.С. Мұсағалиева, Р.Ж. Байдалы, Р.Ж. Кубеев. – Алматы: «Мадияр» ЖК. – 200 бет.

References

- Abylkhozhin, Zh. B., Kozybaev, M. K., & Tatimov, M. B. (1989). *Kazakhstanskaia tragediia* [The Kazakh tragedy]. *Voprosy istorii*, (7), 53-71. (In Kazakh)
- Alun, T. (2018). Nomads and Soviet rule: Central Asia under Lenin and Stalin. I.B. Tauris.
- Arғыnbaev, Kh. (2015). *Onegeli omir* [A moral life] (G.M.Mutanov, Ed.). Kazakh university. (In Kazakh)
- Baltabaeva, K., & Zhakisheva, S.A. (2023). Politicheskie repressii kazakhstanskih bezhentshev 20–30-h gg. XX v. I problemy reabilitatsii [Political repressions of Kazakhstani refugees of the 1920–30s and rehabilitation issues]. *Otan tarihy*, 26(4), 670-682. (In Russian)

- Baltabayeva, K. N., Aydarbayeva, R. K., Tleubayev, SH. B., Nurbay, K., ZH., & Orazov, R.Ye. (Comps.); Karin, Ye. T. (Ed.). (2022). *Materialy Gosudarstvennoy komissii po polnoy reabilitatsii zhertv politicheskikh repressiy (20–50 gody XX veka)*. T. 5: Vynuzhennyye bezhentsy [Materials of the State Commission for the Full Rehabilitation of Victims of Political Repressions (1920s–1950s). Vol. 5: Forced refugees]. Astana.
- Benson, L., & Svanberg, I. (Eds.). (2005). *Istoriya Kazakhstana v zapadnykh istochnikakh XII–XX vv.* T. III. *Kazakhi Kitaya. Ocherki po etnicheskomu men'shinstvu* (Ch. 1 [History of Kazakhstan in Western sources XII–XX centuries. Vol. III. The Kazakhs of China. Essays on the ethnic minority]. Sanat. (In Russian)
- Cameron, S. (2016). The Kazakh famine of 1930–1933: Current research and new directions. *East/West: Journal of Ukrainian Studies*, 3(2), 117–132.
- Cameron, S. (2018). *The hungry steppe: Famine, violence, and the making of Soviet Kazakhstan*. Cornell University Press.
- Conquest, R. (1987). *The Harvest of Sorrow: Soviet Collectivization and the Terror-Famine*. Oxford University Press.
- Davies, R. W., & Wheatcroft, S. G. (2004). *The years of hunger: Soviet agriculture, 1931–1933*. Palgrave Macmillan.
- Kaşıkcı, M. V. (2020). *Growing up Soviet in the periphery: Imagining, experiencing and remembering childhood in Kazakhstan, 1928–1953* (Doctoral dissertation, Arizona State University).
- Kindler, R. (2012). On the run – The Kazakh nomads and the famine, 1930–1934. In M. Middell & F. Wemheuer (Eds.), *Hunger and scarcity under state-socialism* (pp. 59–82). Leipziger Universitätsverlag.
- Kindler, R. (2018). *Stalin's nomads: Power and famine in Kazakhstan* (C. Kloth, Trans.). University of Pittsburgh Press.
- Naimark, N. M. (2010). *Stalin's genocide*. Princeton University Press.
- Ohayon, I. (2009). *Sedentarizatsiya kazakhov SSSR pri Staline: Kollektivizatsiya i sotsial'nyye izmeneniya (1928–1945 gg.)* [Sedentarization of the Kazakhs in the USSR under Stalin: Collectivization and social changes (1928–1945)] (A.T. Rakishev, trans.; B.M. Suzhukov, comp.). Sanat. (In Russian)
- Olcott, M. B. (1981). The collectivization drive in Kazakhstan. *The Russian Review*, 40(2), 122–142. (In English)
- Omarbekov, T. (1997). 20–30-jıldardagy Qazaqstan qasireti: Komekshi oqu quraly [The tragedy of Kazakhstan in the 1920s–30s: Study guide]. Sanat. (In Kazakh)
- Omarbekov, T. (2003). Qazaqstan tarihyning XX gasyrdagy ozekti maseleleri: Komekshi oqu quraly [Topical issues of Kazakhstan's 20th-century history: Study guide]. Oner. (In Kazakh)
- Pianciola, N. (2001). The collectivization famine in Kazakhstan, 1931–1933. *Harvard Ukrainian Studies*, 25(3–4), 237–251. (In English)
- Pianciola, N. (2004). Famine in the steppe: The collectivization of agriculture and the Kazak herdsmen, 1928–1934. *Cahiers du Monde Russe*, 45(1–2), 137–191. (In English)
- Pianciola, N. (2020). The benefits of marginality: The great famine around the Aral Sea, 1930–1934. *Nationalities Papers*, 48(3), 513–529. (In English)
- Pianciola, N. (2022). Sacrificing the Qazaqs: The Stalinist hierarchy of consumption and the Great Famine of 1931–33 in Kazakhstan. *Journal of Central Asian History*, 1, 225–272. (In English)
- Qudaybergenova, A.I., Qozybaeva, M.M., Mamytova, S.N., Kurmanov, Z.K., Isenov, O.I., Musagalieva, A.S., Baydaly, R.J., & Kubeev, R.J. (2022). XX gasyrdyng 30-jj. basyndagy zhappay asharyshlyq kezengindegі Ortalyq Aziya respublikalary men Reseydegi qazaq bosqyndary: Uzhymdyq monografiya [Kazakh refugees in Central Asian republics and Russia during the early 1930s famine: Collective monograph]. Madiyar JK. (In Kazakh)
- Tolebaev, T.A., & Sabdenova, G.E. (Comps.). (2014). 32-ning zulmaty: derekter zhinagy [The tragedy of 1932: Collection of materials]. Qazaq universiteti. (In Kazakh)
- Zhanguttin, B.O., Zabih, S. A., Kabdushev, B.J., & Riskildina, D.B. (Comps. & Eds.). (2021). *Qazaqstandagy sayasi repressiya qurbandaryn aqtau: qujattar men materialdar* [Rehabilitation of victims of political repression in Kazakhstan: Documents and materials]. Almaty. (In Kazakh)
- Zhanguttin, B. O., Satenova, M. R., Ryskil'dinova, D. B., & Saurykova, ZH. S. (Comps.); Karin, Ye. T. (Ed.). (2022). *Materialy Gosudarstvennoy komissii po polnoy reabilitatsii zhertv politicheskikh repressiy (20–50 gody XX veka)*. T. 24: Reabilitatsiya zhertv politicheskikh repressiy v Kazakhstane [Materials of the State Commission for the Full Rehabilitation of Victims of Political Repression (1920s–1950s). Vol.24: Rehabilitation of victims of political repressions in Kazakhstan]. Astana. (In Russian)

Автор туралы мәлімет:

Байдавлетова Мадина Досбергеновна – PhD, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Қазақстан тарихы кафедрасының аға оқытушысы (Алматы, Қазақстан, e-mail: madina.dosbergen@gmail.com)

Information about the author:

Baidavletova Madina Dosbergenovna – PhD, senior lecturer of the Department of History of Kazakhstan, KazNU named after Al-Farabi (Almaty, Kazakhstan, e-mail: madina.dosbergen@gmail.com)

Сведения об авторе:

Байдавлетова Мадина Досбергеновна – PhD, ст. преподаватель кафедры истории Казахстана КазНУ им. аль-Фараби (Алматы, Казахстан, e-mail: madina.dosbergen@gmail.com).

Келін түсті: 21.10.2025

Қабылданды: 25.11.2025